

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2024 жылғы 30 қазандағы № 88 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 1 қарашада № 35322 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21879 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бұйрыққа 3 және 4-қосымшалар осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2. "Халыққа профилактикалық екпелерді ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33463 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 21 қыркүйектегі № 150 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Халыққа профилактикалық екпелерді ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында:

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Екпелер егілетін адамның немесе заңды өкілінің егу жүргізуге хабардар етілген электрондық келісімін алғаннан кейін жүргізіледі, техникалық ақаулар болған жағдайда сканерленген нұсқасы қоса беріледі. Профилактикалық екпелерді жүргізуге хабардар етілген электрондық келісім осы Санитариялық қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес электрондық түрде ресімделеді. Егілетін адам немесе оның заңды өкілі профилактикалық екпелер алудан бас тартқан жағдайда осы Санитариялық қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес электрондық түрде профилактикалық екпелерден бас тарту ресімделеді. Хабардар етілген электрондық келісім немесе бас тарту медициналық ақпараттық жүйелерге енгізіледі.";

42-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Егілген адамға шақырту алған медицина қызметкері бұл шақыртуға тез арада қызмет көрсетеді, шұғыл медициналық көмек көрсетеді және көрсетілімдер болған кезде оны емдеуге жатқызады. ИКҚК-ге күдік туындаған жағдайда медицина қызметкері тез арада халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесіне, сондай-ақ дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы мемлекеттік сараптама ұйымына (бұдан әрі – сараптама ұйымы) медициналық ақпараттық жүйелер арқылы онлайн режимде (портал) не электрондық пошта арқылы электрондық шұғыл хабарлама береді, техникалық ақаулар болған жағдайда сканерленген нұсқасы қоса беріледі.";

Көрсетілген қағидаларға 2 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа 3 және 4-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы қаулы 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау
министрінің міндетін атқарушы*

Т. Султангазиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушы
2024 жылғы 30 қазандағы
№ 88 Бұйрыққа
1-қосымша
Қазақстан Республикасы

препараттардың (бұдан әрі - МИБП) атауы		ақалдығы (А)	үшін), денсаулық сақтау басқармаларынан (аудандар үшін) алынды (В)	н (облыстар үшін), басқа медициналық ұйымдардан (аудандар үшін) алынды (С)	Басқа көздерден алынды (D)	маған вакциналарды және МИБП кері қайтару (E)	Пайдаланылды (F)	Басқа мекемелерге берілді (G)	Есептең шығарылған вакциналар (H)			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
АБКДС + ХиБ + ИПВ (жасушасыз көкжөтел компоненті бар көкжөтелге, дифтерияға, сіреспеге, b типті гемофильді инфекцияға қарсы вакцина)	доза											
АБКДС + ВГВ + ХиБ + ИПВ (жасушасыз көкжөтел компоненті												

тер, 1,0 мл													
Бір рет қолдан ылаты н шприц тер	штука										XXX	XXX	

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы (Т.А.Ж. (оның болған жағдайында) _____), электрондық цифрлық қолы _____ телефон _____

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам (Т.А.Ж. (оның болған жағдайында) _____)

Медицина қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасы _____

Медициналық ұйымның QR-коды _____

"Вакциналар мен басқа да иммундық-биологиялық препараттар қозғалысы туралы есеп" (Индексі: 3 – Вакцины, кезеңділігі: ай сайын) әкімшілік деректері нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Осы әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме "Адамның иммун тапшылығы вирусына (АИТВ инфекциясын) иммундық-ферменттік талдау әдісімен қанды зертханалық тексеру туралы есеп" әкімшілік деректері.

2. Есептік нысан мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) вакцинаның және басқа да медициналық иммундық-биологиялық препараттардың (МИБП) атауы белгілі бір өлшем бірліктерінде: дозаларда, миллилитрлерде, ампулаларда, даналарда.

2) есепті айдағы кіріс туралы ақпарат, оның ішінде:

есепті айдың басындағы вакциналар қалдығының саны (А);

өнім берушілерден (облыс үшін), денсаулық сақтау басқармасынан (аудандар үшін) алынған вакциналар мен МИБП саны (В);

басқа денсаулық сақтау басқармаларынан (облыс үшін), басқа медициналық ұйымдардан (аудандар үшін) алынған вакциналар мен МИБП саны (С);

басқа көздерден алынған вакциналар мен МИБП саны (D);

пайдаланылмаған вакциналар мен МИБП-ны қайтару саны (Е). Қайтару медициналық ұйымдардан негізгі қоймаға пайдаланылмаған және қайтарылған вакциналардың көлемін қамтиды;

3) есепті айдағы шығыс саны туралы ақпарат, оның ішінде:

пайдаланылған вакциналар мен МИБП саны (F);

басқа мекемелерге берілген вакциналар мен МИБП саны (G);

есептен шығарылған вакциналар саны (H).

4) есепті айдың соңындағы вакциналар мен МИБП қалдығы туралы ақпарат, мұнда есепті айдағы кіріс сомасынан есепті айдағы шығыс сомасы мынадай формула бойынша алынады: $I=A+B+C+D+E-F-G-H$.

5) "Профилактикалық екпелермен қамту туралы есеп" статистикалық нысанының "Барлық кезеңде көрсетілген жаста егілді" бағанына байланыстырмай, медициналық ұйымда жүргізілген егулердің санын қамтитын есепті айда (J) жүргізілген егулердің ақпаратын қамтиды.

б) бір егуге жұмсалған шығын туралы ақпарат, мұнда пайдаланылған вакциналар мен МИБП саны есепті айда жасалған егулер санына мынадай формула бойынша бөлінеді: $K=F/J$.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушы
2024 жылғы 30 қазандағы
№ 88 Бұйрыққа
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2020 жылғы 22 желтоқсандағы
№ ҚР ДСМ -313/2020 бұйрығына
4-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетіне

Әкімшілік деректер нысаны интернет-ресурста орналастырылған: www.dsm.gov.kz

Профилактикалық екпелермен қамту туралы есеп

Есепті кезең 20 __ жылғы _____ айға

Индекс: 4- ПЕК

Кезеңділігі: ай сайын

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйелеріне меншік нысанына қарамастан медициналық ұйымдар енгізетін ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: Денсаулық сақтау жүйесінің амбулаториялық-емханалық ұйымдары, мемлекеттік емес медициналық (бөлімшелер) ұйымдар, балаларға, жасөспірімдер мен ересектерге медициналық көмек көрсететін мемлекеттік органдардың ұйымдары (бөлімшелері), ауылдық жерлердегі фельдшерлік-акушерлік пункттер, аудандық, қалалық ауруханалар және (немесе) емханалар, облыстық денсаулық сақтау басқармалары, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы" ШЖҚ РМК "Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама және мониторинг ғылыми-практикалық орталығы" филиалы.

Ұсыну мерзімі: айына бір рет, есепті кезеңнен келесі айдың 13-күні.

БСН

АДС-М (дифтерия ға, сіреспеге қарсы)-2	вакцинация	1 ж . дейін							
АДС-М (дифтерия ға, сіреспеге қарсы)-3	вакцинация	1 ж . дейін							
АДС-М (дифтерия ға, сіреспеге қарсы)-4	ревакцинация	1 жас							
БЦЖ (туберкулезге қарсы вакцина) перзентханада	вакцинация	1 ж . дейін							
БЦЖ (туберкулезге қарсы вакцина) учаскеде	вакцинация	1 ж . дейін							
ВВГ (В вирустық гепатитіне қарсы вакцина)-1 перзентханада	вакцинация	1 ж . дейін							
ВВГ (В вирустық гепатитіне қарсы вакцина)-1 учаскеде	вакцинация	1 ж . дейін							
ВВГ (В вирустық гепатитіне қарсы вакцина)-2	вакцинация	1 ж . дейін							

ВВГ (В вирустық гепатитін е қарсы вакцина)- 3	вакцинац ия	1 ж . дейін							
Пневмо-1	вакцинац ия	1 ж . дейін							
Пневмо-2	вакцинац ия	1 ж . дейін							
Пневмо-3	ревакцин ация	1 жас							
Полиоми елит-1	вакцинац ия	1 ж . дейін							
Полиоми ел т-2	вакцинац ия	1 ж . дейін							
Полиоми елит-3	вакцинац ия	1 ж . дейін							
Полиоми елит-4	ревакцин ация	1 жас							
Хиб - 1	вакцинац ия	1 ж . дейін							
Хиб -2	вакцинац ия	1 ж . дейін							
Хиб -3	вакцинац ия	1 ж . дейін							
Хиб – 4	ревакцин ация	1 жас 1 год							
Қызылша -1	вакцинац ия	1 жас							
Қызамық -1	вакцинац ия	1 жас							
Эпидпар отит-1	вакцинац ия	1 жас							
АжКДС- 5	ревакцин ация	6 жас							
БЦЖ (туберкул езге қарсы вакцина)- 2	ревакцин ация	6 жас							
Қызылша -2	ревакцин ация	6 жас							
Қызамық -2	ревакцин ация	6 жас							

Эпидпар отит-2	ревакцинация	6 жас							
АПВ (Адам папилломы вирусы қарсы вакцина)	вакцинация	11 жас							
АДС-М (дифтерияға, сіреспеге қарсы)	ревакцинация	16 жас							
АДС-М (дифтерияға, сіреспеге қарсы) ересектер	ревакцинация	Егуге жататындардан			X				
Іш сүзегі	вакцинация	Егуге жататындардан			X				
Кене энцефалиті	вакцинация	Егуге жататындардан			X				
Құтырма	вакцинация	Егуге жататындардан			X				
Туберкулин	Манту сынамасы	Егуге жататындардан			X				
Коронавирус инфекциясына қарсы	вакцинация	Егуге жататындардан							

3000

Эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша иммундау						
Вакциналар	Егілді барлығы	оның ішінде жасы в том числе в возрасте		Түсіндірме		
		туғаннан 14 жасты қоса алғанда	15-тен 17 жасты қоса алғанда	ошақта қатынаста болғандар	шетелден көшіп келгендер	қосымша екпелер
ВВГ (В вирустық гепатитіне қарсы вакцина) -1						

компоненті бар көкжөтелге, дифтерияға, сіреспеге, b типті гемофильді инфекцияға қарсы вакцина)								
АБКДС + ВВГ + ХиБ + ИПВ (жасушасыз көкжөтел компоненті бар көкжөтелге, дифтерияға, сіреспеге, b типті гемофильді инфекцияға, В вирустық гепатитіне қарсы вакцина)								
Пневмо								
ВВГ (В вирустық гепатитіне қарсы вакцина)								
ҚҚП								
АДС-М (дифтерияға, сіреспеге қарсы)								
АПВ (Адам папиллома с ы								

вирусына қарсы вакцина)								
Коронавирус инфекциясына қарсы								

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы (Т.А.Ж. (оның болған жағдайында) _____), электрондық цифрлық қолы _____ телефон _____

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам (Т.А.Ж. (оның болған жағдайында) _____)

Медицина қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасы _____

Медициналық ұйымның QR-коды _____

"Профилактикалық екпелермен қамту туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

Есепті кезең 20 __ жылғы _____ айға (Индексі: 4-ПЕК, кезеңділігі: ай сайын)

1. Осы әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме "Профилактикалық екпелермен қамту туралы есеп" әкімшілік деректері.

2. 1000 - кестеде есепті айдың басындағы адамдардың саны, оның ішінде қайтыс болғандар, келгендер, кеткендер; есепті айдың соңындағы адамдардың саны; есепті кезеңде тірі туғандар саны (барлығы балалар), оның ішінде басқа қалалардан келгендер барлығы (балалар саны), олардың ішінде басқа қалалардан келгендер - басқа аудандардан, қалалардан келгендер, басқа қалалардан келгендер, басқа елдерден келгендер; жоспар бойынша АДС-М-ге, іш сүзегіне, кене энцефалитіне қарсы вакцинациялауға, құтырмаға қарсы вакцинациялауға, Манту, Коронавирус инфекциясына (бұдан әрі – КВИ) қарсы вакцинацияға.

3. "Жоспарлы тәртіппен иммундау" 2000-кестесі "Профилактикалық екпелер картасы" (№ 065/е нысаны), "Профилактикалық екпелерді есепке алу журналы" (№ 066/е нысаны), "Жүкті және босанған әйелдің алмасу картасы" (№048/е нысаны), "Амбулаториялық пациенттің медициналық картасы" (№052/е нысаны) бастапқы есепке алу деректерінің, сондай-ақ "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізіміндегі № 21579 тіркелген) Қазақстан Республикасы Денсаулық

сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (бұдан әрі – ҚРДСМ-175/2020) бекітілген өзге де бастапқы есептік құжаттарының деректері негізінде толтырылады.

4. "Жоспарлы тәртіппен иммундау" 2000-кестесі мыналарды қамтиды:

- 1) есепті айдың соңындағы тұлғалар саны;
- 2) егілгендердің жалпы саны, оның ішінде көрсетілген жаста. Аралас вакциналарды (АҚДС+Хиб, АҚДС+ВВГ+Хиб, ККП және т.б.) пайдаланған кезде егілгендердің санын құраушы моновакциналар бойынша бөлек енгізу керек.
- 3) бір айдағы қамту % ;
- 4) иммундаудан кейінгі қолайсыз көріністердің саны (ИКҚК);
- 5) барлық кезеңде көрсетілген жаста егілгендердің саны. Аралас вакциналарды (АҚДС+Хиб, АҚДС+ВВГ+Хиб, ККП және т. б.) пайдалану кезінде егілгендердің санын құраушы моновакциналар бойынша жеке енгізу керек
- 6) барлық кезеңдегі қамту%.

5. "Эпидемиологиялық айғақтар бойынша иммундау" 3000-кестесі "Профилактикалық екпелер картасы" (№065/е нысаны), "Профилактикалық екпелерді есепке алу журналы" (№ 066/е нысаны), "Жүкті және босанған әйелдің алмасу картасы" (№048/е нысаны), "Амбулаториялық пациенттің медициналық картасы" (№052/е нысаны) бастапқы есепке алу деректерінің, сондай-ақ ҚРДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген өзге де бастапқы есептік құжаттарының деректері негізінде толтырылады.

6. "Эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша иммундау" 3000-кесте мыналарды қамтиды:

- 1) егілгендердің жалпы саны, оның ішінде 0-ден 14 жасты қоса алғанға дейін және 15 пен 17 жасты қоса алғанға дейін;
- 2) түсіндірмелер, оның ішінде ошақтарда байланыста болғандар, көшіп-қонушылар, қосымша екпелер кіреді.

7. "Егілмегендердің саны және егілмеудің себептері" 4000-кесте "Профилактикалық екпелер картасы" (№065/е нысаны), "Профилактикалық екпелерді есепке алу журналы" (№ 066/е нысаны), "Жүкті және босанған әйелдің алмасу картасы" (№048/е нысаны), "Амбулаториялық пациенттің медициналық картасы" (№052/е нысаны) бастапқы есепке алу деректерінің, сондай-ақ ҚРДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген өзге де бастапқы есептік құжаттарының деректері негізінде толтырылады.

8. "Егілмегендердің саны және егілмеудің себептері" 4000-кестесі мыналарды қамтиды:

- 1) егілмегендердің жалпы саны;
- 2) қарсы көрсеткіштер саны, оның ішінде уақытша және тұрақты;
- 3) медицина қызметкерлерінің кінәсінен егілмеген саны;
- 4) вакцинаның болмауына байланысты егілмегендердің саны;
- 5) егуден бас тартуға байланысты егілмегендердің саны;

б) кеткендердің жалпы саны, оның ішінде тұрақты және уақытша.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушы
2024 жылғы 30 қазандағы
№ 88 Бұйрыққа
3-қосымша
"Халыққа профилактикалық
екпелерді ұйымдастыруға және
жүргізуге қойылатын
санитариялық-
эпидемиологиялық талаптар"
санитариялық қағидаларына
2-қосымша

нысан

Профилактикалық екпелерді жүргізуге электрондық хабардар етілген келісім

Мен _____

(егілетін адамның немесе кәмелетке толмаған адамның ата-анасының
(заңды өкілінің) тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда))

Профилактикалық екпе алуға келісім беремін:

(вакцинаның немесе басқа да иммунологиялық дәрілік препараттың
(иммундық-биологиялық дәрілік препараттың) атауы)

(вакцина немесе басқа да иммунологиялық дәрілік препарат (иммундық-
биологиялық

дәрілік препарат) енгізілетін адамның тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда)

,
туған күні) және профилактикалық екпені жүргізудің маңыздылығы, вакцинаға
ықтимал реакциялар мен қолайсыз көріністер, иммундаудан кейін алаңдаушылық
туғызатын кез келген қолайсыз көріністер дамыған кезде денсаулық сақтау
ұйымына

уақтылы жүгіну қажеттілігі, сондай-ақ профилактикалық екпеден бас тартудың
салдарлары туралы хабардар етілгенімді растаймын.

Күні 20__ жылғы "_____" _____

Электрондық цифрлық қолтаңба _____

(егілетін адамның немесе кәмелетке толмаған адамның ата-анасының (заңды
өкілінің))

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушы
2024 жылғы 30 қазандағы
№ 88 Бұйрыққа
4-қосымша

"Халыққа профилактикалық
екпелерді ұйымдастыруға және
жүргізуге қойылатын
санитариялық-
эпидемиологиялық талаптар"
санитариялық қағидаларына
3-қосымша

нысан

Профилактикалық екпелерді жүргізуден электрондық хабардар етілген бас тарту

Мен _____

(егілетін адамның немесе кәмелетке толмаған адамның ата-анасының
(заңды өкілінің) тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда))

Профилактикалық екпе алудан бас тартамын:

(вакцинаның немесе басқа да иммунологиялық дәрілік препарат (иммундық-
биологиялық дәрілік препарат) атауы)

(вакцина немесе басқа да иммунологиялық дәрілік препарат (иммундық-
биологиялық
дәрілік препарат) ұсынылған адамның тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда)

туған күні) және профилактикалық екпені жүргізудің маңыздылығы және
профилактикалық екпеден бас тартудың салдарлары туралы хабардар етілгенінімді
растаймын.

Бас тарту себебі (белгілеу):

- 1) діни;
- 2) жеке сенімі;
- 3) бұқаралық ақпарат құралдарындағы, әлеуметтік желілердегі және интернет
ресурстардағы теріс ақпарат;
- 4) вакцинаның немесе басқа да иммунологиялық дәрілік препараттың
(иммундық-биологиялық дәрілік препараттың) алдыңғы дозасына жанама реакция;
- 5) басқалары (көрсету) _____.

Күні 20__ жылғы " ____ " _____

Электрондық цифрлық қолтаңба _____

(егілетін адамның немесе кәмелетке толмаған адамның ата-анасының (заңды
өкілінің))